

**Қаратөбе аудандық мәслихатының "Қаратөбе ауданында жеке оқыту жоспары бойынша мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" 2015 жылғы 18 наурыздағы № 30-4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 11-19 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 28 желтоқсанда № 7308-07 болып тіркелді

Қаратөбе аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қаратөбе аудандық мәслихатының "Қаратөбе ауданында жеке оқыту жоспары бойынша мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" 2015 жылғы 18 наурыздағы № 30-4 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3872 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында 7 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу мөлшері оқу жылы ішінде ай сайын әрбір мүгедектігі бар балаға бес айлық есептік көрсеткішке тең. "

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*Н. Мендешов*